

# ЕЛДІК ПЕН ЕРЛІК - ҰРПАҚҚА АМАНАТ

**Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы**

Ардақты ардагерлер, қадірлі жерлестер! Баршаңызды 7-мамыр - Отан қорғаушы күнімен және 9-мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Сол жылдардың сұрапыл оқиғалары, ел басына күн туған шақтағы ерлеріміздің көрсеткен ерен ерліктері мен қайтпас қайсарлықтары халқымыздың жүрегінде мәңгі сақтаулы. Елі, жері үшін қасықтай қаны қалғанша шайқасқан ерлердің есімдері ешқашан ұмытылмақ емес. Ұлы Жеңіс мерекесіне санаулы күндер жетпей ауданымыздағы ең соңғы соғыс ардагерлері бақилық болды. Олармен бірге тұтас бір дәуір көшіп, сұрапыл соғыс, қанды қасап аңызға айналды. Дей тұрғанмен Жеңіс жауынгерлерінің асқақ рухына, келешек ұрпақ үшін деген көзсіз еріктеріне тағзым жасау, әрдайым құрметпен еске алу, мақтан тұту кейінгі ұрпақтың абзал борышы, перзенттік міндеті. Оңайлықпен келмеген осынау Жеңіс күні біз үшін ерекше қадірлі. Ал ерлікке, Отансүйгіштікке үндейтін, елі мен жерінің адал перзенті болуға баулитын Отан қорғаушылар күнінің де маңызы белек. Қарулы Күштеріміздің қуатын нығайтып, айбынын асқақтатқан, даңқын арттырған еліміздің қорғаны ұландарымыз біздің мерейлі мақтанымыз.

Мамыражай мамыр айында келетін осынау қос мереке Отаншылдық пен батырлық, елжандылық пен ерлік тәрізді қасиетті ұғымдардың асыл арнасы, қос өрімі сияқты. Сондықтан еңсесі биік осынау егіз мерекенің еліміз үшін алар орны ерекше. Барша жерлестеріме ұзақ ғұмыр, жанұяларына жақсылық, бақ пен береке тілеймін!



# САРҚАН

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

www.sarkan-gazeta.kz

e-mail: Igitman01@mail.ru

№19 (9573) 7 мамыр 2024 ж.

**Дана халқымыз бағзы заманнан-ақ, «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген. Берекені көздеген ел — мерекелі тірлік жасаудан жалықпаған. Сондықтан болса керек, мызғымас болашағы бар мемлекетіміз ынтымақ, ауызбіршілік күнін айрықша арқа-жарқа болып, жұмыла атап өтеді.**



отырған бірқатар ұлт пен ұлыс өкілдері қоғамдық өмірге белсене атсалысып, ауданның дамуы мен өркендеуіне күнделікті еңбек етіп, береке-бірлікте ғұмыр кешуде.

Құрметті жерлестер! Осы мерейлі мерекеде сіздерге және отбасыларыңызға зор денсаулық, шуақты күндер, толағай табыс тілеймін! Достығымыз мызғымастан, бейбіт-шілігіміз баянды бола берсін!-деді Ғалымжан Қанатұлы.

Татулық пен бейбітшілікті басты орынға қойып, бақытты бағалай білген ағайын, жүздері бал-бұл жайнаған жұртшылық бір-бірін мерекемен мәрсере болып құттықтап жатты. Алғыстарын айтып, ақ тілектерін жолдады.

Сахна төріне шыққан аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары «Ынтымақ, бірлік, келісім – ең басты байлық ел үшін» тақырыбымен айшықталған концерттік бағдарламада елімізді мекендейтін әр түрлі ұлттардың тілінде ән мен жырдан шашу шашса, мәдениет үйінің жанынан

## БІРЛІК - береке мен бейбітшіліктің алтын бесігі

Қуантарлығы – бір атаның баласындай, татулығын ту еткен жерлестеріміз мамыр айының алғашқы күнінде әдеттегідей қаламыздағы Жастар саябағының төріне жиналып, мерекенің мерейін асырды.

Алдымен сахнаға көтерілген аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев жиылған

жұртшылықты мерекемен құттықтады.

-Құрметті сарқандықтар! Сіздерді 1 мамыр - Қазақстан Халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Біздің еліміздің басты жетістіктерінің бірі халықаралық аренада мойындалып, республикамыздың жемісті дамуына

негіз болған мәдениетаралық диалогтың теңдессіз моделі екенін мақтаншыпен айтамыз. Бірлік, достық, толеранттылық, бейбітшілік пен келісім - ең құнды байлығымыз, Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағыты.

Бүгінгі күні ауданымызды мекендеп

құрылған «Көзайым» би тобы ұлттық билерді мың бұрала билеп, көрермен назарына ұсынды.

Салтанатты шара соңы аудандық бұқаралық спорттық іс-шараларды өткізу орталығы ұйымдастырған спорттық шаралармен жалғасты.

**Биыл Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 79 жыл толып отыр. Сол бір өмір үшін жанталасып кескілескен шайқастардың тарихы алыстағанымен, Отан үшін от кешкен батырлардың көрсеткен ерліктері мен қаһармандығы ешқашан ұмыт қалмақ емес. Осы аралықта қаншама тарих дәңгелегі айналса да бейбіт күнді өз қолдарымен алып берген майдангерлердің ерлігі ескірмей, оларды ардақтау жалғаса бермек.**

Ер азаматтар қан майданда толарсақтан қан кешіп, Отан үшін жанын пида етсе, елдегі қарттар, әйелдер мен балалар бел жазбай еңбек етіп, жеңісті жақындатуға көмектесті. Олар «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен күн-түні еңбек етті.

## Бейбіт күннің шуағы

Еңкейген кәріден бастап, балалық шағын қанқұйлы соғыс ұрпаған жастардың төккен тері, сіңірген еңбегі қаншама.

Сұрапыл соғыс кезінде балалықтың балғын шағын қызықтамай жастайынан анасымен бірге еңбекке араласқан, сондай қиын кезеңде бойжеткен жерлестеріміздің бірі бүгінгі әже Шәкен Жұманова. Кейіпкеріміз 1934 жылы 19 маусымда қазіргі Екіаша ауылының орнында болған Қызылөскер колхозында дүниеге келген. Сол жылдары ел басына төнген зұлмат аштықтан қос бауырының мерт болып, солардан айрылып қалғанын көзіне жас алып айтады.

Әкесі Мұхтар қан майданнан оралмай



артынан қара қағаз келгенде Шәкен апа тұлымшағы желбіреген қыз болыпты. Анасына қолғабыс тигізіп егіс даласында масақ терген. Сол кезеңде қазіргідей қуатты техника жоқ, барлық жұмыстар қолмен атқарылатын. Шәкен әжеміз 1957 жылы бала кезден бірге өсіп, өнер жолында бірге жүрген Бегімбай Жаркеновке тұрмысқа шығып, өмірге 1 қыз, 2 ұл әкелген ана. Жастайынан өнер жолын таңдаған әже күй атасы Құрманғазы атындағы консерваторияның түлегі. Құрманғазы атындағы академиялық оркестрдің құрамында шет ел сахналарында өнер көрсеткен Шәкен әжеміз жоғарғы оқу орнын оқып жүргенде атақты композиторлар Ахмет Жұбанов

пен Мұқан Төлебаевтан дәріс алғанын мақтанышпен еске алады. Ұзақ жыл еліміздің мәдениет қызметкерлерін дайындайтын оқу орындарында дәріс берген апамыз Бүкілодақтық байқаулардың, конкурстардың лауреаты, Қазақстанның білім саласының үздігі, ауданның Құрметті азаматы болып табылады.

Бүгінгі таңда тыл ардагері Шәкен әже аудан орталығы Сарқан қаласында тұрады. Сол бір қиын кездегі еңбегінің айғағындай өңірінде алған медальдары жарқырайды. Бүгінде ұл-қыздарынан ерген ұрпақтарының ортасында бейбіт күннің шаттығына бөленіп отыр. Талай ауыртпалықты бастан кешкен өзін ана енді ешқашан соғыс өрті болмасын, ұрпағымыз бейбіт заманда бақытты өмір сүрсін деген тілек тілеуде.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

## Сот жүйесіндегі қазақ тілін дамыту

Халық тәуелсіздігінің ең басты белгісі – оның ана тілі, ұлттық мәдениеті. Өзінің ана тілі, ұлттық мәдениеті жоқ ел өз алдына мемлекет болып өмір сүре алмайды. Дүниедегі барлық халық тәуелсіздікке ұлттық қадір-қасиетін, мәдениетін, ана тілін сақтап қалу үшін ұмтылады. Сондықтан, кез-келген мемлекет өзінің аумақтық салт-дәстүрін, ана тілін ерекше қорғайды. Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы жыл өткен сайын артып келеді. Сонымен қатар мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Бұл біздің бір күндік немесе бір кезеңдік іс-шара ғана емес, тәуелсіздігіміз тұғырлы болу жолындағы негізгі бағыттардың бірегейі болуы тиіс. Сонда ғана диттеген межеге бұрын келеріміз анық.

Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілдің дамуы сот төрелігін жүзеге асырудағы басты аспектілердің бірі болып табылады. «Тілдер туралы» Заңында «Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың

барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі», - деп көрсетілген. Сот ісін жүргізу тілінің мәні өте зор, өйткені сот ісін жүргізу тілі принципін іске асыру арқылы азаматтардың қай ұлтқа қарамастан, сот алдындағы теңдігі қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасында сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сонымен бірге орыс тілі ресми түрде қолданылады, қажет болған жағдайда басқа тілдер де қолданылады. Басқа тілдерді қолданудың қажетті жағдайларына іс жүргізу әрекеттерін орындау және белгілі бір тілде шешімдер қабылдау сот ісін жүргізуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ететін жағдайлар кіреді. Сондықтан, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу және қажет болған жағдайда басқа тілдерді қолдану түсініктерін теңестіріп қарауға болмайды. Құқықтық тұрғыдан сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу нормасы жоғары тұруы тиіс. Қазақстанда сот ісін жүргізу тілі «қазақ

тілі» деп нақты айту қажет. Қазақстан унитарлық мемлекет. Ендеше, сот ісін мемлекеттік тілде жүргізу үшін ешқандай қысыр сөз, дау-дамай туындамауы керек. Жалпы, бұл мәселе Жоғарғы Сот тарапынан тұрақты бақылауда. Сондықтан, бірінші сатыдағы соттардың сот төрелігін жүзеге асырудағы қызметін тексеру барысында істерді мемлекеттік тілде қарау барысы тексеріліп тұрады.

«Талап арыз қай тілде түссе, сол тілде іс жүргізіледі», - деп ұрандатқан сот жүйесінде мемлекеттік тілдің деңгейін көтеру үшін айтарлықтай шаралар қабылдануда, көптеген жұмыстар атқарылуда.

Тіл мәселесі тек сот саласын ғана емес, барлық салаларды қамтыған кезде одан әрі дамып, өркендейтіні анық. Әрбір қазақстандық осы мақсатқа жетіп, өзінің азаматтық жауапкершілігін түсінген кезде, бұл өзекті мәселе өздігінен шешілетініне сенімдіміз.

**А.ДОСАНОВ,  
Сарқан аудандық сотының  
төрағасының м.а.**

## Абайлаңыз - интернет алаяқтар!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 124 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 5070 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 7,2 % құрайды.

124 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-84, Текелі – 6, Ақсу – 2, Алакөл – 9, Ескелді – 8, Кербұлақ – 6, Көксу – 1, Қаратал – 4, Панфилов – 1, Сарқан - 3. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. А. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде Сізге несие рәсімделгені туралы жаңылыстырады және олар банк картасы бойынша мәліметтерді, карточка нөмірін, банк картасының артқы жағында орналасқан CV кодын хабарлауды сұрайды.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қонырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қонырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте» арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрі жандануына байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға



жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ИІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ИІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді.

2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7. Банкинг қызметтеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруды, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

**А.ТӨРЕБЕКОВ,  
Қазақстан Республикасы Бас  
прокуратурасы Құқықтық статистика  
және арнайы есепке алу жөніндегі  
комитетінің Жетісу облысы бойынша  
Департамент бастығы, аға әділет  
кеңесшісі.**

## Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

«Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметі келесідей тәртіпте көрсетіледі:

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 29 мамырдағы №159 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 1 маусымда №20790 19 қазан 2021 жылы өзгерістер енгізілген «Архив ісі саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидасы», Ұлттық архив қорының құжаттарын және басқа да архивтік құжаттарды мемлекеттік және арнаулы мемлекеттік архивтердің жинақтау, сақтау, есепке алу мен пайдалану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 9 тамыздағы № 215 бұйрығы негізінде «Архивтік анықтамалар, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділер беру» мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне сәйкес мемлекеттік архивте жеке және заңды тұлғаларға қағаз тасымалдағыш арқылы өтініш беру жүзеге асырылатыны көрсетіледі. Архивте қолданылатын негізгі ұғымдар:

- Архивтік көшірме – архивтік шифр және сақтау бірлігі парақтарының нөмірлері көрсетілген, ресімделген, архивтік құжаттағы мәтінді сөзбе-сөз көрсететін көшірме;

- Архивтік үзінді – архивтің хат бланкісінде жасалған, архивтік құжат мәтінінің белгілі бір фактіге, оқиғаға, адамға қатысты бөлігін сөзбе-сөз көрсететін сақтау бірліктерінің архивтік шифрі мен парақтар саны көрсетілген құжат.

Келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне 11 (он бір) жұмыс күн ішінде жауабы беріледі. Құжаттар мемлекеттік сақтауда болмаған жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік сақтаудағы құжаттардың құрамына жатпайтын сұрау салу тіркелген сәттен бастап жауапты орындаушы құжаттар 3 (үш) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті сұратылған құжаттардың мемлекеттік сақтауда жоқ екендігін кешіктірмей тиесілігі бойынша сақталатын қажетті архивтік құжаттар басқа мемлекеттік немесе ведомстволық архивке жіберілетіні туралы көрсетілетін қызметті алушыға хабарланады.

Сарқан филиалында – әлеуметтік-құқықтық сипаттағы, яғни азаматтардың еңбек өтілін, жалақы мөлшерін, білімін, марапатталғанын, нотариалдық іс-әрекеттер туралы, азаматтық хал актілері жөніндегі және сондай-ақ басқа да мәліметтерді растау туралы архив анықтамасы немесе олардың болмауы туралы жауап немесе архивтік құжаттардан куәландырылған архивтік көшірмелер мен үзінділер, жергілікті әкімдіктің жер беру туралы шешімдер мен қаулылары және де тағы басқа мәліметтер архивтік анықтама ретінде беріледі. Сарқан филиалы бойынша қазіргі таңда әлеуметтік-құқықтық сұранысы 2024 жылдың 1-ші тоқсан есептік кезеңде 480 (төрт жүз сексен) сұранымдар орындалды.

Яғни, архивтік анықтамаларды, архивтік құжаттардың көшірмелерін немесе архивтік үзінділерді беру қолда бар барлық мәліметтерді толық уақытылы орындап, жауап берілуді өз назарында ұстайды.

**Н.БОКУШБАЕВА,  
«Жетісу облысының  
мемлекеттік архиві» КММ Сарқан  
филиалының архивісі.**

## КАК ОПЛАТИТЬ ОСМС ПРИ ДЛИТЕЛЬНОМ ОТПУСКЕ: ВСТУПИЛИ В СИЛУ ПОПРАВКИ В ЗАКОН

С 21 апреля 2024 года в законную силу вступили поправки, касающиеся оплаты взносов и отчислений при выходе работников в длительный отпуск. В Фонде социального медицинского страхования прокомментировали, как платить за ОСМС и не утратить статус.

Для сохранения статуса застрахованного у работников при выходе в длительный отпуск (более 30 дней) внесены изменения в Правила начисления (удержания) и перечисления отчислений и (или) взносов на ОСМС, детализирующие механизм перечислений платежей за этот период.

Как подчеркнули в Фонде, для сохранения статуса застрахованного в системе ОСМС необходимо при начислении дохода на период оплачиваемого трудового отпуска длительностью один или более одного календарного месяца отчисления и взносы производить одним платежом с разделением по периодам, исчисленным пропорционально количеству дней отпус-

ска.

Пример. Трудовой отпуск учителя приходится на период с 25.06.24 г. по 18.08.24 г. (56 календарных дней). В этом случае перечисление платежей на ОСМС необходимо осуществлять в июне (при выплате отпусковых) одним платежным поручением с разбивкой по трем строкам: июнь, июль, август. Сумма за каждый месяц рассчитывается согласно соответствующим дням отпуска: за 7 дней в июне, за 31 день в июле и 18 дней в августе.

Напомним, в прошлом году более 200 тыс. работников лишились статуса в системе ОСМС, так как находились в длительном отпуске, а взносы и отчисления за них были произведены единым платежом за тот месяц, в котором выплачивались отпусковые. То есть возникал неоплаченный календарный месяц (ведь отпуск охватывал более одного месяца), тогда как система требует оплаты без пропусков периодов. Ранее, во время

пандемии, за работником сохранялся статус при двух пропущенных платежах, но эта норма утратила силу в октябре 2023 года. Тогда ситуацию разрешили – статус этим лицам был восстановлен.

Для предотвращения подобных случаев в будущем 4 апреля утверждены изменения в приказ «Об утверждении Правил и сроков исчислений отчислений и (или) взносов на обязательное социальное медицинское страхование и Правил осуществления возврата плательщикам излишне (ошибочно) зачисленных сумм отчислений, взносов и (или) пени за несвоевременную и (или) неполную уплату отчислений и (или) взносов», введены в действие они с 21 апреля 2024 года.



Филиал по области Жетісу НАО  
«Фонд обязательного социального медицинского страхования».

### Мезгіл мәселесі

## Нашақорлық — болашағыңа жасалған қастандық

Қазіргі қоғамның маңызды проблемасы - нашақорлық және есірткінің таралуы. Қазіргі уақытта психоактивті заттардың жаңа буыны пайда болды. Ол - синтетикалық есірткі. Синтетикалық есірткі әр түрлі химиялық қоспалардан жасалады.

Синтетикалық есірткіні әдетте темекі секілді шегеді, дем алады немесе ішке қабылдайды. «Не исі, не дәмі біліне бермейтін синтетикалық заттар ақылдан айырып, ағзаны тіпті ірітіп жібереді. Синтетикалық есірткіні тұтынудың өсуі - бұл ұлт денсаулығына үлкен қауіп төндіруде. Синтетикалық есірткі адамның физикалық жағдайына ғана зиянды әсер етіп қана қоймай, психикаға орны толмас соққы береді.

Синтетикалық есірткіге тәуелділік бірінші қолданғаннан бастап қалыптасады. Оның қауіптілігі - бұл процесс қайтымсыз болып кетпейінше, адам өзінің тәуелділік дәрежесін түсінбейді. Кез келген есірткі қолданып жүрген адам өзін нашақор деп есептемейді және кез келген уақытта есірткіден бас тарта алатынына соғына дейін сенімді болады. Алайда, бұл теріс ұғым, ешқандай нашақор дәрігер-маманның көмегінен, өзі есірткі қолданудан бас тарта алмайды.

Сананы өзгертетін барлық нәрсе, яғни алкоголь, есірткінің кез келген түрі, сондай-ақ улы, психотроптық заттар - бұның бәрі қауіпті, адам ағзасына, әсіресе жас өсіп келе жатқан ағзаға зиян келтіреді, адамның физикалық және психикалық денсаулығын бұзады. Осындай өзгерген санада сіз өзіңізді қылмыскерлердің құрбанына айналдыруыңыз мүмкін, ең сорақысы, сіз өзіңіз қылмыс жасайсыз немесе есірткіге тәуелді боласыз. Көптеген жастар есірткіні бір рет қолданғаннан түк болмайды, сонымен қатар, есірткіні қолданғаны үшін құқықтық тұрғыдан ешқандай жауапкершілік жоқ, бұл мүлдем қауіпсіз деп санайды. Бұл пікір қате! Есірткіні бір рет қолдану арқылы адам өзін өте ауыр жазаға апару қаупіне ұшыратып, заңды бұзады, сонымен қатар өзінің болашағына қауіп төндіреді. Есірткіні таратушылар жастарды алдау өте оңай екенін түсініп, әлеуметтік желілерде есірткіні жарнамалау немесе сату үшін пайдаланады. Сату кезінде әрдайым мұндай заттарды сатып алудың заңды екенін өтірік айтып, жарнамалайды. Жастарды «закладчик – есірткі жасырушы» ретінде жұмысқа шақырады. Соңында жастар бар жауапкершілікті сезінбей, жеңіл ақшаға алданып, айыпталушы сотында, кейін өмірінің ең жақсы жылдарын тікенек сымның ар жағында өткізеді. Есірткі құралдарын сақтау олардың меншік иесі кім екеніне қарамастан қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мынаған айрықша назар аударғым келеді, көптеген адамдар, әсіресе жастар, егер олардың пікірінше, қалтада есірткінің аз мөлшері болса, бұл заңға қайшы келмейді деп қате ойлайды.

Есірткі айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік 16 жастан басталады. Бұл адамның есірткінің нақты иесіне айналуына әкелетін кез келген әрекет: есірткі өндіру, есірткі жасыру (закладчик), сатып алу, табылған заттарды иемдену, құрамында жабайы есірткі бар өсімдіктерді сақтау (тіпті уақытша) немесе жинау. Мұндай қылмыстар үшін жаза кісі өлтіргені үшін жазадан асып түседі, 7 жылдан өмір бойына бас бостандығынан айыруды көздейді.

Біздің елімізде есірткіні жарнамалағаны және насихаттағаны үшін қылмыстық жауапкершілік қарастырылған. Бұл графит жазуларын салу, хабарландыруларды немесе QR кодтарын тарату, форумдарда, есірткі туралы оң пікірлері бар мессенджерлерде посттар орналастыру.

Жаза 3 жылдан 6 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруды көздейді. Мессенджерлерде есірткі сайттары мен чаттарды басқару ауырлататын жағдай болып табылады және 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қорытындылай келе, қазіргі уақытта Қазақстанда қолдану әдісіне қарамастан барлық психоактивті заттарға – инъекцияға, темекі шегуге немесе кез келген басқа заттарға тыйым салынғанын және олардың заңсыз айналымы мен жарнамасы үшін қылмыстық жаза қарастырылғанын айтқым келеді.

**А.АМАНГЕЛЬДИНОВ,**  
аудандық полиция бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі.

## Халыққа сапалы қызмет көрсету - мемлекеттік органдардың жұмысындағы басты мақсат



Қазақстан Республикасының Президенті – Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында – цифрландыру- сөнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы делінген. Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі №88-V Заңындағы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы Заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету «бір терезе» қағидатын орындау барысында Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оларды дамыту аясында өткізілетін 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары бойынша атқарылады. Екіаша ауылдық округінде Екіаша және Тополевка ауылдары орналасқан. Халық саны 2870 адамды құрайды.

7 мемлекеттік қызмет көрсету бойынша Екіаша ауылдық округі әкімі аппараты 2023 жылы келесідей мемлекеттік қызметтер көрсетілген:

1. Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беру ұйымдарына және кейін үйлеріне тегін тасымалдау - 0;

2. Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою - 0;

3. Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру - 1;

4. Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу - 8;

5. Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру - 0;

6. Жер учаскесін алу үшін кезекке қою - 0;

7. Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге сату - 0;

Тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу жұмыстары барынша ыңғайлы болуы үшін жұмыстар жүргізілуде. Екіаша ауыл әкімдігінде, Екіаша, Теректі орта мектептерінде, балабақшада, Екіаша дәрігерлік амбула-

ториясында өз бетінше қызмет алуға болатын «egov» бұрыштары бар. Барлық мемлекеттік қызметшілер электрондық цифрлық қолтаңба алды. Қазіргі уақытта жергілікті ауыл тұрғындарының ЭЦҚ кілт алуларымен қамтамасыз ету үшін тығыз жұмыстар атқарылуда. Барлық шаруа қожалықтары ЭЦҚ кілтпен жұмыс жасайды. Қызметтерді электрондық түрде алу тәсілдері округтегі мектеп, балабақша, ауылдық аурухана жүзеге асырады. 2023 жылы өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы жалпы 623 мемлекеттік қызметтер электрондық Үкімет порталы арқылы көрсетілді. Соның ішінде сотталмағаны туралы анықтама-118, туу туралы куәлікке өтініш беру -3, жылжымайтын мүлікте бар-жоғы туралы анықтама-33, міндетті зейнетақы жарналарының аудармалары туралы анықтама-17, тұрғылықты жері бойынша тіркелу-9, психоневрологиялық ұйымнан-15, туберкулездік диспансер ұйымынан-15, жеке тұлға үшін ЭЦҚ- 299, жұмыссыз ретінде еңбек биржасына тіркелу-50, 2023 жылдың II-ші тоқсанында «Мемлекеттік қызметтер жәрмеңкесі» өтті. Округ әкімдігінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы орнатылған. Онда керек барлық жағдай қарастырылған. Округ елді мекендердегі тұрғындар осы аталған қызмет көрсету бұрыштарында өздеріне тиісті құжаттарын алуға толық мүмкіндіктер бар. Округ тұрғындарына мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру, оларды дамыту және іске асыру аясында дөңгелек үстелдер, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Есепті мерзім ішінде азаматтардан мемлекеттік қызмет көрсету жөнінде арыз – шағым түскен жоқ.

Жоғарыда айтылған сөзімде негізгі деген мәселелерге тоқталдым. Алдымызда шешуді қажет ететін істер көп, алға қойылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған мақсаттарымызға жететінімізге сенімдімін.

**Д.ДЮСЕМБЕКОВ,**  
Екіаша ауылдық округінің әкімі.

# Майдангердің ұрпағымын

Тайжақов Сағымбай Құрмашұлы 1917 жылы қазіргі Ақсу ауданы Басқан ауылында дүниеге келген. Аумалы төкпелі заманда өмірге келген әкем жастайынан әкесінен айрылып, анасының тәрбиесінде өскен. 1937-1938 жылдары Көк Өзек ауылдық Советіне қарасты Калинин атындағы орталау мектепті бітіріп, Алматы қаласына Н.Крупская атындағы орыс – қазақ педагогикалық училищесіне оқуға түседі. 1940 жылдың басында аталған оқу орнынан 3 курста оқып жүргенде Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әскери жолын Өзбекстанның Термез қаласынан бастайды. 1940 жылдың басынан 1941 жылдың желтоқсанына дейін Қызыл Армияның барлаушылар дайындайтын мектебін бітіреді. Термез қаласынан Ұлы Отан соғысы басталуына байланысты, Қазақстанға Ақмола қаласына 2 айлық

кіші командирлер дайындайтын полк мектебіне жолданады.

Ақмолада аға сержант атағын алып, майданға 1942 жылдың ақпан айынан бастап Харьков бағытындағы ұрысқа қатысады. 6-армияның 66-кавалерия полкында взвод командирінің көмекшісі болып қызмет атқарады. 1942 жылы 17 мамырда шайқаста қолынан ауыр жарақат алып, Красноград қаласында дала госпиталіне түседі.

Соғыстың талай азабын, қиыншылықтарын басынан кешіріп майданды Чехияның Старый Кольн қаласында аяқтайды. 1946 жылдың ортасында соғыстан туған ауылы

Басқанға аман-есен оралады. Соғыстан кейінгі күйзелген ауыл шаруашылық жұмыстарына белсене араласып, күн түн демей еңбек етіп, әрқашан алдыңғы қатарда бола білген.

Ұстаздық жолын Қарашілік орта мектебінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімдігінен бастайды. 1948 жылы өмірлік жары Қойшыбайқызы Күлтаймен шаңырақ құрып жаңа өмірдің табалдырығын аттайды. Анамыз 1988 жылы 10-қарашада 57 жасында дүниеден өтті.

Әкеміз 1954 жылдың қыркүйек айында Алматы облысы, Сарқан ауданы, Аманбөктер сегіз жылдық мектебінде

ұстаздық жолын жалғастырды. Алматы қаласындағы Абай атындағы педагогикалық институтының тарих – география факультетін бітіріп шығады. Бар білімін ұстаздыққа арнап, шәкірттерді тәрбиелеудегі еңбегі мен мұқияттылығы үшін оқу ісінің меңгерушісі қызметіне тағайындалады.

Мыңдаған шәкірттерге білім беріп, еңбексүйгіштік пен адамгершілікке тәрбиелеген аяулы әкем 1977 жылы зейнеткерлікке шығып, 1979 жылы мәңгілік мекеніне аттанды...

**Мұрат САҒЫМБАЙҰЛЫ,**  
майдангер ұстаздың ұлы.

## МЫ ПОМНИМ ВАШИ ИМЕНА

В этом году исполняется 79 лет Победы в Великой Отечественной Войне. Мы все знаем, что эта война по своим масштабам, человеческим жертвам и разрушениям не имела себе равных за всю мировую историю. Война длилась 1418 бесконечных дней и ночей. Эта беда затронула каждую семью и сердце каждого гражданина Советского Союза. И конечно, эта трагедия коснулась абсолютно каждой семьи в Казахстане.

В этот день мы вспоминаем с глубоким почтением и уважением своих предков, воевавших за нашу Родину против фашизма! С каждым годом остаётся все меньше и меньше участников и свидетелей тех страшных событий. Накануне Дня Победы, я задумалась, а что я знаю о своих потомках, ветеранах Великой Отечественной Войны?

От мамы я узнала, что в нашей семье мой прадедушка Кокоткин Николай Архипович был разведчиком, прошел всю войну, имел награды, но в архиве семье ничего не сохранилось об этом, осталась только фотография. В беседе с мамой я выяснила, что дед был разведчиком и после войны вернулся домой в 1946 году, дошел до Берлина. В семейном архиве сохранилась фотография деда в военной форме. Это было началом моего поиска. Я записалась на проект Школа волонтера. В этом проекте я начала проходить тренировки для волонтера и узнала очень много полезной информации. Я выяснила, где найти достоверную историческую информацию об участниках Великой Отечественной войны. Я нашла своего прадеда на портале «Память Народа». Я сформировала альбом о Кокоткине Николае Архиповиче и узнала, что он был старшина.



Действительно, он был разведчиком и служил в 190 разведывательной роте. Имеет следующие награды: Медаль «За победу над Германией в Великой Отечественной войне 1941–1945 гг.» - май, 1945 год; Орден Отечественной войны II степени - май, 1945 год; Медаль «За освобождение Варшавы» - июнь, 1945 год; Медаль «За взятие Берлина» - июнь, 1945 год.

На основе данных координат воинской части, указанной в персональных данных на сайте был построен Боевой путь, который прошел мой прадед. Я рада, что смогла найти информацию о своём прадеде. Я уверена, что сохранию память о нем на всю жизнь и передам её своим детям и следующим поколениям нашей семьи. Я поделилась найденной информацией со всеми членами нашей семьи и уверена, что теперь все мы будем помнить и чтить подвиг нашего деда Кокоткина Николая Архиповича, передавая историю его жизни следующим поколениям.

Очень важно нам, молодежи, не забывать историю Великой Отечественной войны. Помнить о войне, о ее Героях и их героических поступках, о тех лишениях, ужасах и боли, героизме и самопожертвовании жителях нашей Родины, которые через это всё прошли, но сохранили мужество, доброе сердце и любовь в родной стране.

**Анастасия БАНАХОВИЧ,**  
ученица 10 Б класса, КГУ «Школа-гимназия №1»,  
**А.ГУНЬКО,**  
руководитель – учитель русского языка и литературы.

## 5 жыл, 8 ай, 19 күн

Отан соғысының ардагері, майдангер ұстаз, халық ағарту ісінің үздігі Намазбек Зеңгібаев атамыз 1915 жылы туған. Анасынан 6 жаста жетім қалып, Лепсіде (Ойжайлау) приютта, соңынан қазақ балаларына арналған интернатта тәрбиеленген болатын.

Балалық шағы аса ауыр жағдайда, яғни, асыра сілтеу арқылы елді қолдан ашаршылыққа ұшыратқан уақытқа, жігіттік кезеңі Ұлы Отан соғысы кезімен тұспа-тұс келіп, осы зұлматтар оның ерте есеюіне ықпал етті. 1931 жылы 5 классты бітіріп, жолдамамен Алматыдағы ауылшаруашылық техникумға барады. Барса техникум Алматыдан Талғарға көшіп кеткен екен. Ақсулық Иемберді деген жігіт екеуі Алматыдан Талғарға жаяу барып оқи бастайды. Келесі жылдың қаникулында Ақсу ауданына келіп, аудандық комсомол комитетінен 19-20 ауылға мемлекетке астық жинау уәкілі болып барады. Азын-аулақ қаражат жинап алып, күзде Талғарға қайтып оралады. Декабрьде ауылшаруашылық техникумын тастап, Алматыдағы мұғалімдер дайындайтын техникумға ауысып, оны 1936 жылы маусым айында бітіріп шығады. Техникумда оқып жүрген кезде жазғы демалыстарда Алматының тігін фабрикасында, Еңбекшіқазақ ауданындағы Түрген ауыл советіне қарасты Тау-Түрген колхозында, Балқашта сауатсыздарды оқытады.

1936 жылы техникум бітірген Намазбек атамизды Қарағанды облысы Қарқаралы округіне қызметке жібереді. Қарқаралы округтік оқу бөлімі оны Баянауыл орталығындағы 10 жылдық мектепке ұстаздық қызметке тағайындайды. Бір жылдан соң Сарқан ауданына қайтып келіп, 1937 жылдан бастап Қарауылтөбе жетіжылдық мектебінде уақытша директорлық қызмет атқарады. Қарауылтөбе ауыл советіне сол кезде 4 колхоз қарайды екен: Сталин, Ынталы, Сасықтұма (Амангелді), Елтай. Күндіз оқушы балаларды, түскі үзілісте сауатсыз үлкендерді оқытқан. Кешке жақын ауылдарды жаяу аралап жүріп концерт қояды. Ешкім шаршадық демейтін, әрі ешкім не жұмыстан, не оқудан қалмаушы еді дейтін атамиз.

1940 жылы 7 ақпан күні Сарқан ауданынан әскери қызметке алынады. Содан бір айдай поезбен жүріп, Брест-Литовск қаласына келіп самолет ататын зеңбіректе істейді, зеңбірекшілердің бөлімше командирі болады. Арасында сауатсыз жауынгерлерді оқытып, әскери ант қабылдауға дайындайды. Атақты Брест қамалында тартысқа қатысқан. Москвадан Германияға дейінгі жаяу жүріп өткен. Днепр, Одер, Вязьма өзендерінің өткелін жау самолеттерінен қорғауға қатысады. Пархим, Верен, Пеналин, Ненбранденбург, Штрасбург, Пазевальск қалаларын басып өтіп, Штеттиннен 7 км жердегі Ноинкирхепте жеңісті қарсы алады. Елге осы қаладан 26 қазанда 5 жыл, 8 ай, 19 күн дегенде қайтады.

Араға бір ай салып Сарқанға жетеді. 1946 жылы қаңтар айынан бастап «Пролетарский Труд» (қазіргі Бірлік) бастауыш мектебінде, одан кейін Энергия орталау мектебінде екі жыл орыс тілін, орыс класстарына қазақ тілінен сабақ береді. 1948 жылы «Каганович» колхозының бастауыш мектебіне меңгеруші болып тағайындалады. 1951 жылы Алматыдағы КазПИ-дің география факультетіне оқуға түседі. Бірақ соғыста алған контузиясы салдарынан құлағы естімей қалады. Сондықтан оқуын жалғастыра алмай, жұмысты дыбысты ұлғайту аппаратын киіп жүріп жасайды. 1952 жылы Қарауылтөбе бастауыш мектебіне ауысып, сол жерде зейнеткерлікке шыққанша, 40 жылдан астам еңбек етеді. Еңбегі үшін «Білім беру ісінің үздігі» атағын алады. Майдангер ұстаздың ұлағатты өмірі кейінгі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Өз тілшіміз.



## Бағдаршамы - ағалдық

Құрманғалиев Тоқтасын 1923 жылы Ақсу ауданына қарасты Дінгек совхозында туды. 1937 жылы Қапал педучилищесіне түсіп, 1942 жылы бітіріп шығады. Жас маман Тоқтасын аға дипломмен бірге қолына майдан шебіне шақыру қағазын бірге алады.

1942-1945 жылдары Ұлы Отан соғысына Батыс майданы құрамында минометші болып неміс фашистеріне қарсы соғысқа қатысты. Отан соғысы кезіндегі көрсеткен ерліктері үшін «Суворов, Кутузов, Александр Невский», «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталып, Бер-

линге дейін жетіп, елге 1947 жылы оралады.

Елге оралысымен Сарқан ауданы Бақалы ауылындағы Н.В.Гоголь атындағы орта мектебінде математика пәні мұғалімі болып ұзақ жыл ұстаздық қызмет етеді. Мектепте мұғалім болу оның өмірінде алға қойған мақсаты еді. Оның оқу-тәрбие жұмысындағы ұстанған басты



принципі – қоғамға пайдалы еңбек ету. Т.Құрманғалиұлының туған жерге, өзінің мамандығына деген сүйіспеншілігі, сіңірген еңбектері өз жемістерін берді. Ұлағатты ұстаз Т.Құрманғалиұлының ерен еңбегі ескеріліп, оған «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі» атағы берілді. Оның оқытқан шәкірттері республиканың түкпір-түкпірінде әр түрлі салада жемісті еңбек етіп

жатыр.

Құрманғалиев Тоқтасын аға 1948 жылы Елубаева Сақыпжамал апаймен отау құрады. Ерлі-зайыптылар сегіз баланы дүниеге әкеліп, оларға жақсы тәрбие берумен қатар жоғары білімді азамат етіп тәрбиелеп шығарды. Берекелі, тәрбиелі шаңырақтан түлеген ұрпағы қазіргі таңда әр түрлі мамандық иегері атанып отыр.

**Бақытжамал АБДРШИНА,**  
Талдықорған қаласындағы  
**№3 «Балбөбек» сәбилер**  
балабақшасының  
тәрбиешісі.

Соғыс жылдары майдандағы жауынгерлердің жеңіске жетуіне тыл еңбеккерлерінің қосқан үлесі өте зор болды. Ауыл шаруашылығында еңбектенген ерлердің майданға тартылуына байланысты олардың орнын елде қалған қариялар, әйелдер мен балалар басты. Осылайша майданды азық-түлікпен, шикізатпен іс жүзінде әйелдер, балалар мен қарт адамдар қамтамасыз еткені тарихтан белгілі.

Биылғы Ұлы Жеңістің 79 жылдық мерейтойы қазір арамызда жүрген соғыс кезінде тылда бел жазбай еңбек еткен тыл ардагерлерінің де мерекесі екені айқын.

– Мен 1936 жылы 26 ақпанда Сарқан ауданының Белсенді колхозында дүниеге келіппін. Осы колхозда 4-сыныпты аяқтадым. Бала кезімнен қырманда волокуш айдап, лобогрейкада отырып, малатаспен бидай айдап, шөп шауып, көзін ашқаннан еңбекпен тәрбиеленген ұрпақтың өкілімін. Әкем Рахметқали Байғұттанов 1910 жылғы болатын. Соғысқа аттанып, 1944 жылы «хабарсыз кетті» деген қағаз алғанбыз.

Жазғы каникулға шығысымен бізді шөпшілерге қосып жұмысқа апарды. Волокушка өгіз айдаушы боламыз. Таңғы қараңғыда өгіздерді әйелдер арбаға жегіп береді де біздерді үстіне отырғызады. Бұтымызда жүні қырқылып иленген тері шалбар. Күн ыстық. Жұмыс ауыр. Егіс піскенде лобогрейкаға погончик (айдаушы) боламыз. Кейде арнайы жасалған сенокосилкаға отырамыз. Қырманда шабылған бидайды малатаспен үгітуге жинайды. Бір мезгілде екі малатаспен үгітеміз. Таңертең атқа мінгеннен тек түсте ғана тамақ ішу үшін аттан түсеміз. Кешке қараңғы батқанда барып жұмысымыз тоқтайды. Егер ай жарық болса бізге тыным жоқ, айдың жарығымен жұмыс жалғасып жатады. Сөйтіп қолдан келген жұмыстың барлығын жасап, еңбек майданының ортасында жүрдік.

# Маңдай термен келген жеңіс

1953 жылы Сарқанда Абай атындағы Қазақ орта мектебін бітіріп, Қазақтың мемлекеттік ауыл шаруашылық институтының инженер-механикалық факультетін 1959 жылы тәмамдадым. 1959 жылдары Андреев ауданындағы Лепсі совхозында машина-трактор шеберханасының меңгерушісі, 1963-1968 жылдары аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінде бас инженер, 1968-1969 жылдары «Энергия» колхозында бас инженер, 1970-1977 жылдары Сарқан аудандық «Казсельхозтехника» бірлестігінің басқарушысы, 1977-79 жылдары «Прибалхаш» совхозының бас инженері, 1979-1985 жылдары «Ленин» колхозының бас инженері, 1985-1987 жылдары аудандық тұтынушылар қоғамы автокөлік базасының директоры, 1987-1997 жылдары «Красный Октябрь» совхозының Бірлік бөлімшесінің басқарушысы болып қызмет атқардым. 1961-1995 жылдар аралығында аудандық кеңестің депутаты, бірнеше мәрте аудандық партия конференциясының делегаты, үш мәрте облыстық партия конференциясының делегаты болып сайландым.

Адал еңбек уақытында бағаланды да. 1967 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1970 жылы «Лениннің туғанына 100 жыл», 1972 жылы «Ерен еңбегі үшін», 1973 жылы «Азаматтық қорғанысы үздігі» ме-

дальдарын өңіріме қададым. Сарқан ауданының Құрметті азаматы атандым. Ұзақ жылғы еңбегімнің нәтижесінде 2009 жылы «Мұхаметжан Тынышбаевтың туғанына -130 жыл», «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 65 жыл», «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне -20 жыл», 2020 жылы «Қазақстан Мәслихаттарына – 25 жыл», «1941-1945 ж. Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 75 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталдым.

Зайыбым Рахметқалиева Тұрсынхан Нұрбатырқызы жоғары білімді, Алматы қыздар педагогикалық институтының математика факультетінің түлегі. Аудан мектептерінде математикадан дәріс берді. Жұмысына өте тиянақты. Мектепте жауапкершілігі мол оқытушылық қызмет атқара жүріп үйдегі балалардың тәрбиесіне, отбасының тазалығына ерекше ден қойды. Балаларын бауырына басып, жаяулап мектепке жетелеп, оқуын қадағалап өмірден өз жолдарын табуына маңдай терін төкті. Екеуіміз елу жылдан артық өмір сүріп, 7 бала тәрбиелеп өсірдік әрі ұрпағымыздың қызығын көру бақытына ие болдық,-деп өткен өмірін есіне алады кемеңгер қария.

Қазіргі таңда Болат ата зайыбы Тұрсынхан апамен бірге жеті баласынан ербіген немере, шөберелерінің қызығын қызықтап бақытты ғұмыр кешіп жатыр.



Балалары көз қуанышы. Солардың әр жетістігіне қуанып, жаратушы иеден ұрпағының амандығын тілеп отырған абыз жан.

Бүгінгі бейбіт өміріне абыз ақсақал дән риза. Қиындықпен өткен балалық шағын ұмытып кеткендей «Мен өте бақытты жанмын» дейді.

Бұрынғының адамдары міне осындай. Қарапайым да қайратты. Басына түскен қиыншылыққа мойымайтын қайсар. Ұлы Жеңіс бізге осындай құрыштай шыңдалған қайсар жандардың арқасында келді. Бұл кісілердің ерлігі де, еңбегі де болашақ ұрпаққа үлгі. Адамның бойындағы ең асыл қасиеттер қайсарлық, қайраттылық, сабырлық, еңбекқорлық болса керек. Осындай мінез қалыптасқан жан ғана өмірде өз бақытын таба алары хақ.

**Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.**

## 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні

# Атамекенді қорғау – қасиетті міндет

**Отан қорғаушы! Қандай қасиетті де айбарлы сөз. Әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеуге әрбір ер жігіт міндетті. Себебі, ата – бабамыз аманаттаған туған жерді, атамекенді қорғау – қасиетті де қастерлі борыш. Бұл дегеніміз – батырлық пен табандылық, отансүйгіштік пен Отанға шексіз қызмет етудің нышаны. Қай заманда болмасын, Отан қорғау әрбір Қазақстан азаматының қасиетті борышы болып келген, бола береді де. Өзін ер азаматпын деп есептейтін кеудесінде ар-намысы, бойында жігері, жүрегінде оты бар әрбір жан үшін ең басты парыз, ең басты адами міндет саналады.**



борышын өтеген жастар әскерден кейін екі жыл ішінде жоғары оқу орындарына ақысыз ҰБТ тапсырусыз түсе алады. Осы санат үшін келісім бойынша жоғары білім ордалары 3000 орын берді. Сондай-ақ, әскери кафедраға конкурстан тыс түсуге де мүмкіндік берілетін болады.

Негізі Президент көтерген мәселе орынды. Біз бұл мәселені бұған дейін де айтып келеміз. Ал оған мемлекеттік деңгейде мән берілгені дұрыс болды. Бұл жерде басты мәселе әскер қатарында болған азаматтарға түрлі тетіктер бойынша жеңілдіктер қарастырылған. Сондай-ақ әр күзгі, көктемгі әскерге шақыру маусымында біз ауданға қарасты ауылдарды аралап, өз тарапымыздан ақпараттық түсіндірме жұмыстарын жүргіземіз. Соның нәтижесінде жыл сайынғы көктемгі және күзгі әскерге шақыру науқанын ойдағыдай өткеріп, облыс бойынша алдыңғы орындарды иеленіп келеміз. Бұл барша мүдделі мекемелердің жүйелі жұмысы деуге болады.

Иә, әскер нағыз өмір мектебі. Оның қазанында қайнап, сынағына шыңдалып шығу кез келген азамат үшін өмірлік олжа болатыны сөзсіз. Себебі әскерде тапсырма орындалуы, тәртіпке бағыну керек. «Жоқ» деген олар үшін жарамсыз және қисынсыз жауап. Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай «Тәртіпке бағынған құл болмайды». Сонымен қатар әскерде болған азамат өмірде де түрлі мәселелермен ұшырасқанда оны шешудің жолын іздейді. Кез келген сынаққа сынбайды, керісінше қарсы тұрады. Сол үшін үлкен өмірдің осынау баспалдағынан әр азамат өтуі керек деп санаймын.

**Талғат ӘЛСЕЙІТОВ,**  
**аудандық қорғаныс істері**  
**жөніндегі бөлім басшысы,**  
**подполковник.**

бүкіл қоғам болып ойластыруымыз керек, – деген болатын Президентіміз.

Президенттің Жарлығына сәйкес биылғы жылдың бірінші наурызынан бастап мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру басталды. Биылғы жылдың

көзделіп отыр. Дейтұрғанмен соңғы жылдары Отан алдындағы борышын өтеуден қашақтайтын жастар да кездесіп қалады. Ұлы дала төсін дүбірлетіп, қандай-қиынқыстау заманда қазақтың намысын бермеген ата-бабамыздың ұрпағымыз деп мақтанатын бүгінгі буынның Отан қорғауға құлшынбайтындығы көңіл қынжылтады.

Әскери дайындықтан өту азаматтық парызымыз дейтін ұғым – наным азайғандықтан болар көктемгі – күзгі шақырудан дәлелсіз себептермен жалтарып жүретіндер тәуелсіз еліміздің алдындағы парызын өздері атқаруға тиісті міндет деп санамайды. Осындай кедергілерді жою мақсатындағы ҚР қорғаныс министрлігінің әскери қызметтің беделін нығайту және жастардың әскерге деген ынтасын арттыру жөніндегі бірқатар іргелі жобаларды жүзеге асыруда. Биылдан бастап еліміздің жетпістен астам жоғары оқу орындарымен жасалған келісімдер бойынша Отан алдындағы

### Алғысын айтты

**Сарқан аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінен өткен жылы әскер қатарына шақырылған жігіттер Отан алдындағы борышын абыроймен атқарып, туған жерге оралуда. Аяғаз қаласындағы 97616 әскери бөлімінде қасиетті өтеуден қашады. борышын өтеп, қазіргі таңда 18404 әскери бөлімінде Әскери билетке келісімшарт бойынша қызметін жалғастырып жатқан ие болу жастардың қатардағы жауынгер, жерлесіміз Луценко Кириллді мақтаншынын тудыр- жуырда Сарқан ауданының ҚІЖБ бастығы, подполмайды және Отанға ковник Талғат Әлсейітов қабылдады. Қабылдау барысында Кирилл Луценко әскери өмірге жол ашып, өмірлік бағыт-бағдар берген аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шексіз алғысын айтты.**



Осы орайда егемен еліміздің тәуелсіздігі мен тыныштығын сақтап қалуда Қазақстан Қарулы Күштерінің құрамы толық әрі сенімді деңгейде болуы өте маңызды. Бұл мәселеге ерекше тоқталған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та азаматтардың әскерге баруға деген қызығушылығын оята- тын түрлі тетіктерді қоғам болып ойластырудың маңызды екенін айтып қалды. – Көптеген жас азамат- тарымыз Қарулы Күштер қатарында әскери борышын Аяғаз қаласындағы 97616 әскери бөлімінде өтеуден қашады. Әскери билетке келісімшарт бойынша қызметін жалғастырып жатқан ие болу жастардың қатардағы жауынгер, жерлесіміз Луценко Кириллді мақтаншынын тудыр- жуырда Сарқан ауданының ҚІЖБ бастығы, подполмайды және Отанға ковник Талғат Әлсейітов қабылдады. Қабылдау барысында Кирилл Луценко әскери өмірге жол ашып, өмірлік бағыт-бағдар берген аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне шексіз алғысын айтты.

көктемінде Сарқан ауданынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері және басқа әскери құрылымдары қатарына барлығы 50-ге жуық адам шақыруға

Илияс Жансүгіров - 130

Илияс Жансүгіров – «қазақ поэзиясының Құлагері» деп мойындалған, ақын, драматург, сатирик, қоғам қайраткері, өнертанушы. Оның поэзиясы ұлттық әдебиеттің классикалық байлығының қатарына жатады. Қазақ Сәкен мен Илияс, Бейімбет үшеуін «Үш бәйтерек» деп бөле-жармай, тұтас атаған, төбесіне көтерген. Поэзиясы арқылы оқырманның қиялына қанат бітірген. Шығармашылығында гуманистік адамгершілік идеясын, ұлттық өнерді насихаттауға барынша күшін салған.

Илияс Жансүгіров 1894 жылдың 5 мамырында бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында туылған. Алғашында өз әкесінің, ауыл молдаларынан сауат ашқан. Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепті бітірген.

1919 жылы Ташкенттегі екі жылдық мұғалімдік курсқа түседі. Оны бітірген соң өз ауылында мұғалім болып, кейін «Тілші» газетінде қызмет атқарған.

1922 жылы Верныйдағы Қазақ ағарту институтының меңгерушілігіне тағайындалады.

1925 жылы Мәскеудегі Журналистика институтына оқуға түсті. 1928 жылы бітіріп шыққан соң «Еңбекші қазақ» газетіне қызметке жіберіледі.

Илияс Жансүгіров шығармашылық жұмыспен қатар Қазақстан Жазушылар Одағын ұйымдастыру ісіне де белсене қатысты.

1934-1937 жылдары Қазақ саяси баспасының редакторы, сонымен бір

# Қазақ поэзиясының Құлагері

мезгілде 1933-1936 жылдары Қазақ АКСР-і ОАК-нің мүшесі болды. 1937 жылы жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілген. 1958 жылы ақталды.

Илияс Жансүгіров өлең жазуды 1912 жылы бастаған. Оның «Балдырған», «Қызыл жалау» атты өлең дәптерлері кейін, 1957 жылы Ұлттық кітапханадан табылған. Илияс Жансүгіровтың баспа бетін көрген алғашқы туындылары «Сарыарқаға», «Тілек» деген өлеңдері. Бұлар 1917 жылы Семейде шығып тұрған «Сарыарқа» газетіне жарияланған.

Илияс Жансүгіров шығармаларының бастау алар арнасы қазақ халқының бай ауыз әдебиеті, Абай поэзиясы, орыс және дүние жүзі әдебиетінің озық үлгілері. Оның шығармалары сан салалы, көп қырлы. Жансүгіров әдебиет сынына да араласып, әдеби көркем сын жанрының дамуына ат салысты.

Илияс Жансүгіров А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Н.А.Некрасов, М.Горький, Г.Гейне, В.Гюго, Ғ.Тоқай, К.Лахутидің шығармаларын қазақ тіліне аударып, қазақ әдебиетінің әлем

әдебиетімен байланысты кеңейтті. 1936 жылы А.С.Пушкиннің 100-жылдығына Илияс Жансүгіров «Евгений Онегин» романын аударып өзінің кітабына енгізді.

Илияс Жансүгіров қазақ әдебиетінің барлық жанрларына қалам тартып, елеулі туындылар берген әмбебап дарын. Ол өзінің аса қуатты суреткерлік талантын поэзия жанрында көрсетіп, күллі қазақ әдебиетінің мақтанышына айналған туындылар берді.

Прозалық, драматургиялық талантты кесек туындыларын айтпағанда «Күй», «Күйші», «Құлагер» сияқты классикалық шығармалар тудырды. Илияс Жансүгіров поэзиясы ойға қанат, сезімге нәр беретін, ешқашан ескірмейтін, мәңгі жас поэзия.

Илияс Жансүгіров күйлерді жақсы таныған. Күйшілердің ойын танып білген. Ол қазақ музыкасының шебер білгірі әрі өнертанушысы. Оның дәл осы қасиеттерін әйгілі композитор және музыкант Александр Затаевич байқаған.

Қазақтың Абайдан кейінгі замандағы аса дарынды да арынды ақын Илияс Жансүгіровті, әдетте, өзі шалқар шабыт, керемет құштарлықпен көсіле жырлаған



Ақан серінің Құлагеріне ұқсатады. Кемеліне келіп, ақындық бәйгесінде арындап алға шыққан шағында Илияс та тоталитарлық жүйенің құрбаны болды. Әйтсе де тума талант, дара дарын айналасы проза мен драматургияда, әсіресе поэзияда әдебиетіміздің алтын қорына жататын айтулы туындылар беріп, артына аса мол көркем мұра қалдырды.

Республикада бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылыққа, Талдықорған қаласындағы Жетісу университетіне есімі берілді.

Архив қызметкерлері өз тараптарынан қазақтың тау тұлғаларын үлгі тұтып, өмірі мен шығармашылығын зерттеп, оқуда.

**Ж.УНЕРХАНОВА,**  
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының жоғарғы санатты архивісі.

## Елін қорғау – ерге серт



Сарқан аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен 2 мамыр күні оқырмандарға қызмет көрсету залында елін, жерін сүйген Отан қорғаушылар күні мерекесіне арналған «Елін қорғау – ерге серт» атты патриоттық кеш өтті.



Патриоттық кештің мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына Отанын сүйу және өз азаматтығын мақтан тұту, Отанының болашағы үшін абыройлы қызмет ету, туған жерін қастерлеу, ұлтжандылық және патриоттық сезімдерді қалыптастыру секілді қасиеттерді дарыту болып табылады.

Шараны кітапханашы А.Сабитова мен А.Омарова жүргізді. Кеш видеослайдпен басталып, А.Мейрамбекұлының орындауындағы «Тәуелсіз ел ұраны» атты әнімен жалғасты. Ы.Алтынсарин атындағы мектебінің 1 сынып оқушылары патриоттық өлеңдерін тарту етсе, Сарқан аудандық мәдениет үйінің қызметкері Р. Қуатбек «Алға» атты әнін шырқады. Кітапхана қызметкерлерінен жинақталған қыздар тобы «Алға қазақ жігіттері» әнін айтып, әжелер тобы ән шашуын тарту етті. Аудандық кітапхана библиографы Ж.Тәңірберген кітап көрмесімен таныстырып өтті. Келген қонақтар арасынан Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, "Сарқан" газетінің директоры, ауданның Құрметті азаматы Ж.Мақатұлы сөз алып, әжелер төрайымы Ш.Қабдолдақызы жалғастырып, аудандық кітапхана әдіскері А.Сейполдина қорытындылады. Шара соңында кеш қонақтары естелікке суретке түсті.

**А.СЕЙПОЛДИНА,**  
аудандық кітапхананың әдіскері.

В настоящее время актуальной стала проблема насилия среди детей и подростков. Травля детей сверстниками («буллинг») - одна из наиболее распространенных проблем в школах, которая существенно увеличивает риск суицида среди подростков, приводит к эскалации агрессии и насилия в группе и школе в целом, снижению успеваемости, эмоциональным и невротическим проблемам. На сегодняшний день буллинг происходит не только в кругу семьи, его проявления зафиксированы в большинстве социальных институтах общества, в том числе, и в сфере образования. Буллинг как социально-психологическое явление создает угрозу безопасности участников образовательного процесса. Последствия буллинга - как непосредственные, так и отсроченные негативно сказываются на интеллектуальном и личностном развитии обучающихся.

## ПРОФИЛАКТИКА ШКОЛЬНОГО БУЛЛИНГА В РАБОТЕ ПЕДАГОГА-ПСИХОЛОГА

На образовательные организации ложится ответственность за проработку и устранение проблемы буллинга. Это позволит сохранить психологическое здоровье обучающихся, создать комфортную развивающую образовательную среду, обеспечивающую высокое качество образования, духовно-нравственное воспитание и развитие обучающихся, а также гарантирующую охрану и укрепление физического и социального здоровья обучающихся. В решении проблемы буллинга в образовательном учреждении должны принимать участие учителя, администрация, школьные психологи, родители и ученики, которые должны сотрудничать с целью максимального информирования в случаях возникновения буллинга в школе и принятия своевременных мер.



Психолог отбирает диагностические методики, разрабатывает анкеты, позволяющие оценить ситуацию буллинга в данном учреждении, проводит обработку данных. В индивидуальной работе педагога необходима организация мероприятий, ориентированных на конкретных учеников («обидчиков» и «жертв»). При обнаружении ситуации буллинга стоит привлечь родителей «жертв» и обидчиков», так как дети - «продолжение» личности родителей. Способствовать созданию особого психологического климата и межличностных отношений в школьном коллективе, препятствующих буллингу.

Анализируя опыт своей работы, могу сказать, что профилактическая работа в нашем учебном учреждении направлена на образовательную среду под которой подразумевается все, что происходит в школе: все, что оказывает влияние на ребенка, формирует его мировоззрение. Очевидно, что знания и умения ребенок получает на уроке, а социальные отношения формируются под воздействием всех присутствующих в школе, которые, осознанно или нет, влияют на ребенка. В нашей школе создаются все условия для профилактики буллинга среди учащихся. Воспитательная и профилактическая деятельность содержит систему мер по предупреждению таких ситуаций. Для классов руководителей разработаны методические рекомендации для проведения тематических классных часов, проведения уроков здоровья, профилактических занятий, тем для дискуссий, диагностические программы.

**Б. КУРМАНГАЛИЕВА**  
педагог-психолог Теректинской средней школы.

## Нарушенные права восстановлены

Восстановление прав услугополучателей является одним из приоритетных направлений в деятельности Департамента.

Очередное нарушение прав услугополучателей зафиксировано специалистами Департамента агентства Республики Казахстан по делам государственной службы по области Жетісу (далее - Департамент). Как и в первом квартале текущего года, по причине аналогичных нарушений требований законодательства услугополучателями, житель города Талдыкорган лишился своих законных прав.

Так, по результатам рассмотрения обращения жителя г. Талдыкорган на некачественное оказание государственных услуг в сфере земельных отношений специалистами Департамента было выявлено, что недобросовестное отношение к своим должностным обязанностям специалистов акимата Отенайского сельского округа и отдела земельных отношений г. Талдыкорган, лишили возможности услугополучателя своевременно оспорить свое несогласие с решением земельной комиссии, послужившим основанием для предоставления отказа в оказании государственной услуги.

А именно, установлено, что должностные лица обжалуемых государственных органов не ознакомили услугополучателя с протоколом решения земельной комиссии.

Данный факт лишил услугополучателя возможности выразить свое мнение по результатам принятого компетентными органами решения и возможности его дальнейшего обжалования в судебном порядке.

Лишь после реагирования Департамента услугополучателю представлены копии протокола земельной комиссии, тем самым нарушенные права восстановлены.

## Безгек ауруы



Безгек ауруы науқас адамнан сау адамға безгек таратушы маса арқылы жұғатын ауру. Ол тропикалық елдерде кеңінен таралған індет. Ауырған кезде жалпы дiмкестiк, дене қызуы қайта-қайта көтеріліп, соңынан қалтырау байқалады, ас қорыту, жүйке және де басқа жүйелерінің жұмысы бұзылады, ал асқынған жағдайда өлімге соқтырады. Безгекпен ауырмау мақсатында безгекке қарсы дәрілер қабылдап, масаның шағуынан сақтану қажет. Тропикалық елдерге баратын әрбір жолаушы безгекті жұқтыру қауіпі, безгекке қарсы дәрілерді қабылдау қажеттілігі туралы ақыл-кеңес алу керек. Өзімен бірге жәндіктерден қорғану құралдарын – крем, лосьон, аэрозоль түріндегі репелленттер мен оларды жоятын «Дихлофос», «Rade» тәрізді аэрозольды баллондарын алып жүрген дұрыс. Барған елде дәрігермен безгекке қарсы химиофилактиканы қабылдау қажеттілігі, мерзімі, қандай дәрі және оның дозасы туралы кеңесу қажет. Безгектен қолайсыз елде жүрген барлық уақыт бойы безгекке қарсы дәріні тек жүйелі түрде қабылдау індеттен сақтайтыны есіңізде болсын! Кейбір жағдайда безгекке қарсы дәріні қабылдағанда да ауруыңыз мүмкін. Сондықтан әлсізденіп, дене қызуы көтеріліп, бас ауырған жағдайда дәрігерге қаралу қажет. Науқастың қанын міндетті зертханалық түрде зерттеп, диагнозын дұрыс қоюға болатынын есте сақтаңыз. Безгек таратушы масалар адамға кешке күн батарда, ерте таңертеңде шабуылдайды. Тұрғын үйлерде есік-терезелерді торлап, енген масаларды аэрозольдер көмегімен жою қажет. Ұйықтарда масаханалар қолданған құба-құп. Дененің ашық жерлеріне репелленттер жағу қажет. Безгектен қолайсыз елден келгенде безгекке қарсы дәріні қабылдауды тағы 4 апта бойы жалғастыру қажет, өйткені осы мерзімде ауруыңыз ықтимал, әсіресе қатерлі тропикалық безгек түрімен. Және тағы есте сақтайтын жайт – безгектің басқа түрін жұқтырған жағдайда одан да кеш мерзімде белгілері шығуы мүмкін, сондықтан кез келген ауруда дәрігерге қаралғанда соңғы 2 жылда қай елдерде болғанын хабарлау міндетті. Безгектің алдын алу ережелерін қатаң сақтағанда ғана ауырмауыңыз мүмкін!

**Г.ОСПАНОВА,**  
Сарқан аудандық СЭББ бас маманы.

## Орман – табиғаттың сыйы

Ол тек тамақ пен шикізат көзі, біздің планетамыздың «өкпесі» ғана емес. Орман – адамдарға емдік әсер ететін, күші мен қайратын қалпына келтіретін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің өртүрлілігінен эстетикалық ләззат алуға мүмкіндік беретін денсаулық қоймасы.

Жасыл желек арасында қаланың, ауылдың қапырығы мен шаңы, мазаны алар шуы жоқ кеудені керіп дем алуға болады. Гүл мен шөптің жұпар иісін жұтып, құстардың сайраған дауысын тыңдап табиғаттың сұлулығына тамсанамыз. Орманда өрт қауіпсіздігін сақтамау салдарынан осы кереметтің бәрі әп-сәтте өртпен аяусыз жойылады. Сондықтан от – орманның қатыгез жауы.

Ол орны толмас және мағынасыз зиян келтіреді. Өртпен орман өсімдіктері ғана емес, көптеген құстардың ұялары, жас және ересек жануарлар, терісі бағалы аңдар мен құстардың азық қоры, ормандағы құрылыстар, дайындалған сүректер және жануарлардың азығы, ағаш көпірлер және басқа халық шаруашылығы объектілері жойылады. Орман өрттері негізінен адамдардың кінәсінен туындайды. Ол орманда жұмыс істейтін және демалатын туристердің, жидек және саңырауқұлақ терушілердің, балық аулаушылар мен аңшылардың отқа ұқыпсыз қарауының нәтижесінде болады. Өрт қауіпі бар маусымға дайындалу мақсатында орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері орман өрттері туындай қалған жағдайда олармен күресу үшін күштер мен құралдардың өзара іс-қимыл іс-шараларының жоспарын әзірлейді, шекаралас жатқан барлық заңды тұлғалардың және шаруа қожалықтары бірлесіп жұмыс жасайды. Осы кезде небір жағдайларға төтеп беріп, өртпен күресетін орман күзетшілері аянбай еңбек етіп, бақылау жүргізеді.

**С.АНУАРБЕКОВ,**  
Бөрлітөбе ОШКММ-нің Құрақсу орманшылығының орманшысы.

## 101 ескертеді

### Өртеуге болмайды!

Сарқан ауданы халқының назарына! Естеріңізге сала кетейік, көшелер мен аулаларды тазалау кезінде кейбір адамдар қоқысты жағуға мүмкіндік береді, осылайша өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін бұзады және жақын маңдағы үйлер мен ғимараттарға қауіп төндіреді. Бұл үшін қоқысты жинап, арнайы белгіленген жерге шығару керек.

"Қалдықтарды жинау немесе өртеу кезінде атмосфералық ауаны қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі талаптарды сақтамау" 336-бабына сәйкес "әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР Кодексі " өрт қауіпсіздігі қағидаларын бұзуға жол берген адамдар айыппұл түрінде әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

### Сжигать нельзя!

К сведению населения района Сарқан! Напоминаем Вам что, во время уборки улиц и дворов некоторые лица допускают сжигание мусора, тем самым нарушают нормы и правила пожарной безопасности и создают угрозу ближайшим домам и постройкам. По этому мусор необходимо складировать и вывозить в специально отведенное место.

В соответствии со статьей 336 «Несоблюдение требований по охране атмосферного воздуха и пожарной безопасности при складировании или сжигании отходов» Кодекс РК «Об административных правонарушениях» лица допустившие нарушение правил пожарной безопасности могут быть привлечены к административной ответственности в виде штрафа.

**Е.ТУРСУНОВ,**  
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы,  
азаматтық қорғау майоры.



### АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТТІ ҚАЛАЙ БОЛДЫРМАУҒА БОЛАДЫ?

Көліктегі өрттер пәтерлер мен жеке үйлердегі өрттерден кейін жиілікпен жүреді. Заманауи көлік иесінің көз алдында тез өртеніп кетуі мүмкін. Ескі көлік те, жаңа көлік те күтпеген жерден өртеніп кетуі мүмкін.

Автокөлікті өрттен қорғау үшін көлік иелері мен жүргізушілерге кеңес беріледі: техникалық тексеруден уақытында өту; магнитоланы, дабылды, қозғалтқыштың алдын ала қыздырғышын тек мамандандырылған орталықтарда орнату; көлік салонында әрқашан өрт сөндіргіш болуы керек; барлық электр жабдықтарының жарамдылығын бақылау қажет; қозғалтқыштың отын аппаратурасының герметикалығын, сондай-ақ жарамдылығын бақылау; қозғалтқыш бөлігінде бөгде, жанғыш заттарды ұстамаңыз; жанар-жағармай материалдарын тек ағып кетпейтін герметикалық ыдыстарда тасымалдаңыз.

**Р. АХМАРОВ,**  
Сарқан ауданы ТЖБ бас маманы,  
азаматтық қорғау аға лейтенанты

## Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі!

Жеке үйлер мен көп пәтерлі ғимараттардағы қауіпсіздік ережелерін ұмытпау маңызды. Күнделікті өмірде, оның ішінде балалардың еркелігі себебінен өрттің пайда болуын болдырмау мақсатында қарапайым ережелерді сақтау қажет: балаларды қараусыз қалдырмаңыз немесе ересектер болмаған кезде қауіпті ойындарды болдырмау үшін қажетті сақтық шараларын қолданыңыз; балаларға электр және газ құрылғыларын, сондай-ақ жанып жатқан пештерді қарауды тапсыруға болмайды. Оларға электр және газ құрылғыларын өздігінен қосуға рұқсат бермеңіз;

сіріңкелерді, оттықтарды, керосинді, бензинді және т. б. балалардың қолы жететін жерлерде сақтауға жол бермеңіз; электр желісіне электр жылыту аспаптарын (электр плиталары, қайнатқыштар, каминдер, үтіктер, жылыту жастықшалары және т. б.) қараусыз қалдырмаңыз; зақымдалған ажыратқыштарды, розеткаларды пайдаланбаңыз, сақтандырғыштардың балқыту кірістіруі жанған кезде үйдегі "қателер" кірістірулерін орнатпаңыз; бір розеткаға бірнеше жоғары қуатты электр құрылғыларын қоспаңыз.

**А.ДҮЙСЕНБАЙ,**  
Сарқан ауданы ТЖБ аға инженері,  
азаматтық қорғау лейтенанты.

## Құттықтаймын!

**Қадірлі ардагерлер, құрметті жерлестерім!**

Сіздерді 7 - мамыр Отан қорғау және 9 - мамыр Ұлы Жеңіс күнімен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, үлкен табыс, отбастарыңызға амандық, ашық аспан, ел- жұртымызға тыныштық тілеймін!

**Ізгі ниетпен: аналық, апалық сезіммен майдангер Құлақов Әмірбек Нұрлыбекұлының ұрпағы Бану Әмірбекқызы.**

Алматы қаласы.

**Илияс Жансүгіров - 130**

## МӘЙЕКТІ МҰРАСЫ МӘҢГІЛІК ЖАДЫМЫЗДА



«Ағынды менің Ақсуым, Ақырып әлі ағасың, Ақиланған ашумен, Ақтарды асқар сабасын», - деп жырлаған қазақ әдебиетінің «Жыр Құлагері» Илияс Жансүгіровтың шығармашылығы қазақ әдебиетінің жарқыраған жауһары. Илияс жыр дүлдiлi, Жетiсудың інжу маржаны, елiнiң шынайы мақтанышы. Дарынды ақын, жерлесiмiз Илияс Жансүгіровтің туғанына биыл 130 жыл толып отыр. Өз заманының дара тұлғасы мен ойшыл ақыны Илияс Жансүгіров 1884 жылы 5 мамыр күні Алматы облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Ақын, драмашы, прозашы оның поэзиясы ұлттық әдебиетiмiздiң классикалық байлығынан ойып тұрып орын алады, әрi Илиясты қазақ әдебиетiнiң негiзiн қалаушылардың бiрi деуге толық негiз бар. Алғашында өз әкесiнен, ауыл молдаларынан сауат ашқан, Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектептi бiтiрген Илияс 1919 жылы Ташкентте екi жылдық мұғалiмдiк курсқа түседi. Оқуын бiтiрген соң өз ауылында мұғалiм болып, кейiн «Тiлшi» газетiнде қызмет атқарады. 1922 жылы Алматыда Қазақ ағарту институтының меңгерушiсi болып тағайындалады. 1925 жылы Мәскеуде Журналистика институтына оқуға түсiп, 1928 жылы институт бiтiрген соң, "Еңбекшi қазақ" газетiне қызметке жiберiледi. Жансүгіров шығармалық жұмыспен қатар Қазақстан Жазушылар одағын ұйымдастыру iсiне де белсене қатысқан. Кейiн бұрынғы ҚазАПП таратылған соң 1932 жылы Жазушылар одағын ұйымдастыру комиссиясының төрағасы болып сайланады. Біраз уақыттан соң жазушылар Одағының алғашқы төрағасы болып, жемісті еңбек етті. 1934-1937 жылдар аралығында Қазақ саяси баспасының редакторы болып қызмет жасаған Илияс ақын аз жыл өмір сүрсе де Кеңес Одағы кезінде туған қазақ тіліміздің дамуына үлкен үлесін қосып, қоғамдық істерде белсене қатыса білген. Жазушы түрлі тақырыптарды көтеріп, алуан түрлі шығармаларды тудырды. Көбінесе Жансүгіров ел қамы, ұлт тағдырына алаңдап, ұлттың туын көтерді, әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Ең ауқымды әрі барлығымызға танымал шығармасы «Құлагер» поэмасы. Проза жанрындағы ең көлемдісі «Жолдастар» романы. Қаламгер әдебиет сыны мен аударма саласында да өнімді еңбектенді. А.Пушкиннің көптеген өлеңдеріне қоса, «Евгений Онегин» романын қазақ тіліне алғаш рет толық аударды. Сондай-ақ, М.Лермонтовтың, А.Горькийдің, Н.Некрасовтың, В.Маяковскийдің көптеген шығармаларын қазақ тіліне тәржімалады. Қазіргі таңда ақын есімі мен еңбегін ұмытпай бірнеше мектепке, университетке, көшеге, ауданға есімі берілді. Өзіміздің Жетісу жері, Ақсу ауданында ақын нәр алған топыраққа Жансүгіров есімі қойылған. Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті ақын есімімен аталған. Сондай-ақ бұл қалада ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған әдеби-мемориалдық мұражай жұмыс істейді. Жыл сайын аудан, облыс, республика деңгейінде Илияс оқулары өткізіледі. Биыл менің сыныбымдағы құрбыларым Илияс оқуларына қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Облыстық «Илияс-қарасөз шебері» байқауында Магадан Аяжан жүлделі 3-орын алды. Бұл бізге, өскелең ұрпаққа ақын жайлы көбірек білуге, шығармаларымен танысуға, ұлы ақынның мұраларын ұрпақтан ұрпаққа таратуға, рухани білім алуға мүмкіндік береді. Біздің жерімізде осындай дарынды тұлғаның өмір сүргені үлкен мақтаныш, мерейлі мәртебе! Қазақ болашағына, қазақ руханиятына зор үлес қосқан «Жыр Құлагері» барша қазақстандықтардың мақтанышы! И.Жансүгіровтің мәйекті мұрасы мәңгілік жадымызда қалмақ!

**Арайлым АБАЙҚЫЗЫ,**  
№1 мектеп-гимназияның 10 сынып оқушысы.

### Бірлік күні

Мамырдың бiрi, достық күнi,  
Ән салып, билеген халықтың үнi.  
Тұтасып, тойлаған ұлттар бiрлiгi,  
Құтты болсын бiрлiк күнi.

### Ұлттық ұлан күні

Жүректе адалдықтың ескен лебi,  
Ғажайып келешектiң төккен үнi.  
Ардақты ағаларға шын көңiлден,  
Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгiн.

### Ұлы Жеңіс күні

Оқ борады күнi-түнi,  
Жатты жердi  
от қарып.  
Алға қарай ұмтылды,  
Батыр қазақ  
оқты алып.



**Адина САБИТ,**  
Ақын Сара атындағы  
орта мектебiнiң 3 «Б»  
сынып оқушысы.

## Есен туған күн, мерекелермен!

Сарқан қаласының тұрғыны, асқар таудай ардақты әкеміз **Әмірханұлы Шайзада** мамыражай мамыр айының 10-ыншы жұлдызы күні 85 жасқа толады. Асыл әке, қамқор атамды осынау қуанышымен, мерейтойымен шын жүректен құттықтап, әулетіміздің тірегі, Алатаудай асқақ, күн жағымызға көлеңке, жел жағымызға қорған мерейтой иесіне денсаулығыңыз мықты болып, ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышына ортақтасып, ортамызда аман-есен жүре беруіне ақ тілек, игі ниетімізді қосамыз!

Шарықтаңыз, шаттаныңыз тасыңыз,  
Әрбір күнді сәттілікпен ашыңыз.  
Сексен беспен мерейленіп, биіктеп,  
Аман болып жүзден әрі асыңыз.  
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз.  
Ізгі тілекпен: жұбайы Сақан, балалары, немерелері және шөберелері.



### •Губрат

## Пендем маған қарай жүрсе, мен оған қарай жүгіремін

Күндердің күнінде шашына ақ түскен жігіт ағасы шаштаразға келеді. Өдетке сай, шаштараздар қолымен жұмыс жасап, аузымен әңгіме-дүкен құрғанды, өмір туралы ой жарыстырғанды ұнатады емес пе? Бұл шаштараз да сол қатардан болып шықты. «Құдай жоқ!» деді ол нық сеніммен. – Айналаңа қарашы, қаншама ауру-сырқат, қаншама бақытсыз адамдар бар. Қайғы-мұң және соғыс, ұрлық-қарлық және күйзеліс... Кәне, қайда Құдай? Әрине, Ол жоқ. Егер Құдай бар болса, бәрін ретке келтіріп, әділетсіздіктерді қалпына келтірер еді...»

Келуші өте парасатты, пайымы мол кісі болатын, сондықтан, сөз таластырып жатпады. Шағын ғана шаштараздың орындығында отырып, терең ой құшағына баты. Оның шаштаразға Алла Тағаланың ұлылығы мен өзінің ойын қарабайыр сөзбен түсіндіріп бере алмайтындығына көзі жетті. Шаштараз өз жұмысын аяқтады, ал кісі көшеге шықты. Бұл көше жағдайы төмен ауданда орналасқан екен, айналада қоқыстар үйіліп жатты. «Іздегенің алдыңнан тілемей-ақ табылар» демекші, кенет алдынан өте жұпыны киімді, адам жиіркенерлік түк басқан, лас, мұрты аузына түскен, ұйпа-тұйпа шашы бар адам шыға келді. Қарсы келе жатқан адаммен кездесуге бар болғаны отыз метр жол қалған еді. Ақылды кісі дереу кері бұрылып, қолында темекісі мен кофесі бар шаштараздың алдына қайта келді де: «Бұл дүниеде шаштараздар жоқ! Мен саған қазір осыны дәлелдеймін!». Шаштараз әлгіні есі ауысқан екен деп ойлады. Ол мүдірген жоқ, шаштаразды қолынан ұстады да, әйнекті есікті ашып, көшеге шықты. Он метр жердегі қаңғыбасты нұсқады да: «Мына адамға қарашы. Жер бетінде шаштараздар болса, көше бойында осындай күзелмеген адамдар жүрер ме еді?». Шаштараз таңғалған кейіппен былай деп жауап қатады: «Ол менің алдыма келмеді ғой. Ал мен оның артынан жүгіріп жүрмеймін. Егер ол алдыма келген болса, бәрін ретке келтіріп берер едім».

Ақылды адам жай ғана күлімсіреді де: «Сенің құлағың тіліңнің айтқанын естіді ме? Құдай, әрине, бар! Дәл солай, әлемде зұлымдық пен қайғы да бар, мұның бәрі де адамдардың Оның алдына келмейтіндігінен болады. Адамдар өздерінің өмірін қалауларымен таңдап алады да, нәтижесінде Құдайды айыптайды. Немесе Одан: «Мұның бәрі не үшін?» деп өкпесін айтады. Жауап біреу ғана: адамдар Алланың емес, өздерінің айтқандарымен жүреді де, жандары қанағаттанбайтын нәтижеге жетеді. Егер, Алланың тыйғанынан тыйылып, бұйырғанына құлақ асса, Алладан қол жайып сұраса, Ол пендесінің қолын бос қайтаруға ұялады.

Қандай ғибратты оқиға! Арамызда қаншама пенде өз таңдауының жемісі үшін Аллаға наз айтып жүр. Рас, тағдыр да, үкім де бар. Сол секілді, адамда таңдау да бар. Адам ата Жәннаттан қуылғанда, бұл тағдырдың жазуы немесе Ібілістің азғыруы деп Жаратушысы алдында төкәппарланбады. Өз таңдауы болғандықтан, сөзге жасап, кешірім сұрады. Таңдауды Оның бұйрығына, Оның Кітабына, Оның Пайғамбарының сөзіне сәйкес жасауға талпыныс жасап көрейікші. Өйткені Мейірімді Алла: ««Мен пендемнің ой-қилындамын, пендем Мен жайында қалай ойласа сондаймын. Егер ол Мені жалғыз еске алса, Мен де оны жалғыз еске аламын, егер ол Мені көпшіліктің арасында еске алса, Мен де оны ол Мені арасында еске алған жамағаттан құрметтірек жамағат ішінде еске аламын. Ол Маған бір қарыс жақындаса, Мен оған бір кез жақындаймын. Егер ол Маған бір кез жақындаса, Мен оған бір құлаш жақындаймын. Пендем Маған қарай жүріп келсе, Мен оған жүгіріп келемін» деп уәде берді. (Бұхари, Муслим).

Оған қарай асығыңызшы, Ол да сізге қарай тез жүгіретін болады...

## Хабарландыру/Объявление

Продается 2-х этажный дом с общей площадью 400 кв.м. с земельным участком 22 соток, по адресу г. Сарқан, ул. Тәуелсіздік № 247. Или обмен на 3-х комнатную квартиру в городе Талдықорған. Обращаться по тел. 8776 7370548, 8775 692 2726.

Шелудченко Виктория Алексеевнаның атына ҚР ІІМ-нен 24.04.2023 жылы 053148279 нөмірімен берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.